N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL
ISSN 2224-5308
Volume 5, Number 317 (2016), 94 – 98

B. I. Abilov, T. T. Barakbayev, G. M. Ablaysanova

«Kazakh Scientific Research Institute of Fishery», Almaty, Kazakhstan.
E-mail: b.i.abilov@mail.ru

FORMATION OF COMMERCIAL FISH FAUNA OF KAPSHAGAY RESERVOIR

Abstract. Kazakhstan is a country rich for its natural resources. All conditions for development of fisheries are created. To provide reservoirs with valuable fish species, fishery hatcheries have been built. One of them is located in the south east Kazakhstan (Kapchagay reservoir). This reservoir has one of the largest fishery values in the country.

The Kapchagay reservoir has been formed in the middle of the river Ili on the territory of Almaty district. The filling of the reservoir started in 1970. Project features: area 1850 km^2, volume 28,14 km^3, length 180 km, maximum width 22 km, mean depth 15,2 m, maximum depth 45 m [1]

Contemporary list of fish fauna of the reservoir and the river Ili includes 33 fish species. From the mentioned list of fish species 16 have commercial value. Nowadays, only 10 commercial species can be encountered. The remained 6 species are in the Red Book and considered to be near extinction.

Keywords: fish community, fish fauna, ecosystem, concentration, population, biomass, fatness, export, eggs, fertility, sample, reservoir.

ӘОЖ 597

Б. И. Әбілов, Т. Т. Барақбаев, Г. М. Аблайсанова

«Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, Алматы, Қазақстан

ҚАПШАҒАЙ СУҚОЙМАСЫНДАҒЫ КӘСІПТІК ИХТИОФАУНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аннотация. Қазақстан табиғи су қорына бай мемлекет. Сонымен қатар, елімізде балық шаруашылығының дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Халқымызды балықпен қамтамасыз ету үшін табиғи суқоймалардағы кәсіптік балық аулау саласы еліміздің әрбір суқоймалық өңірлерінде кәсіптік жұмыс ретінде жасалып жатырған жайы бар. Сол суқоймалардың бірі еліміздің Оңтүстік-шығысында орналасқан Қапшағай суқоймасы. Аталмыш суайдыны Қазақстан суқоймаларының ішінде балық шаруашылығы жағынан ірі суқоймалардың бірі болып табылады.

Қапшағай суқоймасы Іле өзенінің орта ағысында, Алматы облысының территориясында салынған. Жобалық сипаттамалары: ауданы 1850 км^2, көлемі 28,14 км^3, ұзындығы 180 км, ені 22 км, орташа тереңдігі 15,2 м, ең терең жері – 45 м [1].

Қазіргі таңда суқоймадағы ихтиофаунаның жалпы түрлік құрамы 33 түрді құрайды. Оның ішінде кәсіптік маңызы бар деп есептелетін 14 түрі бар. Қазіргі кезде тек 10 түрі ғана кәсіптік мақсатта ауланады. 4 түр қызыл кітапқа енген және саны азайған түрлер болып есептеледі.

Түйін сөздер: ихтиоценоз, ихтиофауна, экожүйе, шоғырлану, популяция, биосалмақ, жерсіндіру, экспорт, уылдырық, дернәсіл.

Кіріспе. Қапшағай суқоймасының іргетасы 1969-1970 жылдары су электр станциясы және кәсіптік балық шаруашылығын дамыту мақсатында қаланған болатын. Осыған орай, суқоймаға су толтырыла бастаған кезден бастап, барлық бағыттар бойынша көптеген зерттеу жұмыстары